

2023-2024 жылғы мектептің ІІІ оқу тоқсанындағы педагогикалық - психологиялық жұмыстардың есебі


Қаңтар айында отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу мақсатында 9-сынып ата-аналарымен «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында тренинг жүргізді.



Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана. Осы мақсатта 8-сынып ата-аналарымен «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Оқушыларға салауатты өмір салты туралы, шылымның, электронды шылымның зияны туралы ақпараттандыру мақсатында «Зиянды әдеттен аулақ бол» атты 8-сынып оқушыларына ЖДО мамандарымен бірлесіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Дасс» шкаласы бойынша анықталған «Психологиялық қолдау» тобындағы оқушылармен «Көбелектер әлемі» релаксациялық жаттығуы, «Эмоциялық қысымды түсіру», «Мен және менің ортам», «Дос болайық бәріміз» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Оқушылар тренингке белсене қатысып, өз көңіл-күйлерімен бөлісті. Кез-келген мемлекетте баланың болашағы мен құқықтары заңмен қорғалады. Осы орайда «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын – алу» тақырыбында ЖДО мамандары, емхана психологтарымен кездесу өткізілді.



Ақпан айында 9-11 сынып оқушыларының интеллектуалды қабілет деңгейін анықтау мақсатында Г.Резапкина тесті алынды. Бес бағана бойынша әрқайсысындағы «+» санын қосып алынған санды жауап парағының төменгі бос тор көзіне жазу керек. Әр бағана ойлаудың белгілі бір типіне сәйкес келеді. Әр бағана бойынша ұпайлар саны осы ойлау типінің даму деңгейін көрсетеді (0-2 төменгі, 3-5 орташа, 6-8 жоғары) Тест қорытындысы бойынша сынып жеткшісі және бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтарына ұсыныс берілді. 9-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сауалнама алынып, «Мамандық-өмір таңдауы» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.



Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа, достыққа, шындыққа, тәрбиелілікке үйрету, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Менің атым қожа» повесі желісі бойынша кинофильм көрсетіліп, ой талқы жүргізілді.



9-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында «Жастар денсаулық орталығы» мамандарымен «Жарқын болашақ иесі - Жастар» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылардың танымдық көзқарастарын кеңейте отырып, патриотты ұрпақ болуға бағыт бағдар берді. Барлық игі істер жастардың қолында екенін сұхбат барысында тілге тиек етті.

Наурыз айының алғашқы аптасында 7-11 сынып оқушыларынан оқушы бойындағы депрессия, үрей, стресті анықтау мақсатында «Dass» шкаласы алынды. Зерттеу нәтижесінде анықталған оқушылармен сұхбат жүргізіліп, психологиялық кеңес берілді.

«Барлығы өз қолыңда» тақырыбында психологиялық-әлеуметтік апталықтың ашылуы болды. Апталықтың мақсаты: Психологиялық-әлеуметтік қызметтің жұмысын насихаттау, оқушылардың психологиялық-әлеуметтік саулығын сақтау және нығайту.



"Психология-әлеуметтік" апталығы аясында 5-7 сыныптар және мектеп ұжымына «Көңілді үзіліс» жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыра отырып көңіл-күйлерін жақсарту. Көңілді үзіліс мектеп ұжымына жағымды көңіл-күй сыйлап, шығармашылық қабілеттерінің артуына, жұмысты ерекше құлшыныспен жасауға септігін тигізді.



"Психология-әлеуметтік" апталығы барысында денсаулығына байланысты үйден білім алатын оқушылармен кездесу тренинг болды.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоция туғызу. Мектеп тыныс тіршілігімен танысып, қарым-қатынас орнатуға бейімдеу.

Тренинг барысында танысу жүргізіліп, жағымды көңіл күй орнады.

Қол моторикасы жаттығуы барысында оқушылар сезімдерін ортаға салып, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру қабілеттерін дамытуға жұмыс жасады.. Сонымен қатар «Тыныс алу жұмысы», «Мен кімін», «Тап ойыны» және «Қиялмен боя» жаттығулары жасалды.

Мектеп-лицей тынысымен танысу барысында «Обсерватория» орталығымен танысып, алған әсерлерімен бөлісті.



"Отбасы-тәрбиенің басты ұясы» атты потранат, қамқоршылықтағы оқушылардың ата-аналарымен тренинг түрінде іс-шара өткізілді.

Мақсаты:

- 1.Ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру;
- 2.Ынтымақтастықта, өзара сыйластықта бірлесе әрекет етуге,пікір алмасып,ой білдіруге шыңдау.

Іс-шара "Асыл анашым" атты көңілді әнмен басталды.

Әлеуметтік педагог 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысын таныстырды

Педагог психолог арнайы тренинг жүргізіп, ата-аналармен ішкі байланыс жасады.

Балаларына арнайы ашық хат жазып, тілектерін білдірді.

Wordwall бағдарламасы арқылы "Балаңыз туралы білесіз бе? " айдарымен сұрақтар қойылып, ата-аналар шынайы пікірлерін айтып, тәжірибе алмасты.

Іс-шара соңы мектеп-лицей директорының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, сыйлық тарту етілді.



Мектеп бітіруші түлектермен мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу, адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру және күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру және стресс жағдайынан арылудың негізгі әдістемелерімен таныстыру мақсатында «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал» тақырыбында кездесу болып өтті.